

Исова Л.¹, Милан А.²

¹тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, e-mail: tanirbergenlaura@gmail.com

²«халықаралық қатынастар» мамандығының магистрі, e-mail: 1357767023@qq

халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасы,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

ҚЫТАЙДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САЯСАТЫНДАҒЫ ІШКІ ЖӘНЕ ЖАҒАНДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

Соңғы бірнеше жылда климаттың өзгеру мәселелері Қытайдың аса танымал және ұлттық пікір алмасуларында тақырыпқа айналды.

Парникты газдардың ауаға тасталуымен байланысты әлемнің климаттық өзгерістері жөніндегі құжаттар мен баяндамаларда, аталмыш мәселенің тарапталуы Қытай Халық Республикасының экономикалық дамуымен қатар көтерілуі де жиі кездеседі. Энерготасымалдаушы ірі импортер болып саналатын ҚХР табиғи ресурстардың әлемдік қорына да ықпалы зор.

Қытайдың экономикалық дамуы және қоршаған ортаның деградациясы, басқа елдер тұрғындарына да ықпал етуде. Траншекаралық және жаһандық экологиялық мәселелерді шешу үшін бірлескен халықаралық ақуал талап етіледі. Қазіргі уақытта Қытай қоршаған орта және оның дамуы саласындағы негізгі халықаралық келісімдердің қатысушысы ретінде, халықаралық конференциялардың белсенді дауыскеріне айналып, әлемнің көптеген елдерімен қоршаған орта және оның дамуына арналған мәселелерде ынтымақтастық жасауда. Қазіргі уақытта көмір қышқыл газын шығару көлемі бойынша Қытай қазіргі уақытта бірінші орынды иеленеді. Елдің интенсивті индустриалды дамуы жағдайындағы соңғы жылдарда мемлекет техногендік қызметтік маңызды экологиялық салдарын сезінуде. Қытайдың экономикалық және саяси жоспарларын жүзеге асырудағы талпынысы тұрғындарының да экологиялық өмір салтының қарама-қайшылығын алып келді. Жаңа ғасыр ауқымындағы Қытайдағы экономикалық жарылыс тұтыну дәрежесін өсіріп, өмірдің экологиялық сапасын төмендетті. Елге табиғи ресурстардың қажеттілігі тіптен көп сұранысқа айналып, энергия тұтыну шексіз өсуде. Осы орайда, Қытай қабылданған экологиялық заңдар мен ұсыныстарды жүзеге асыруға сәйкес келетін жаңа технологиялар саласындағы ғылыми жобаларды да экологиялық талаптарға сай қаржыландыруды тиянақты қолға алған.

Түйін сөздер: Қытай, жаһандану, экология, қоршаған орта, климаттың өзгеруі, экосаясат, экожүйе, тұрақты даму.

Issova L.¹, Milan A.²

¹Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, e-mail: tanirbergenlaura@gmail.com

²master of specialty «international relations», e-mail: 1357767023@qq

Chair of International Relations and World Economy, of Department of International Relations,
Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

Domestic and global problems in China's environmental policy

The problem of climate change in the last few years has become one of the most popular in the national discourses of the country as China's.

In declarations and documents around the world, the climatic changes which are connected with greenhouse gas emission are associated with economic development of PRC. The People's Republic of China is a major energy importer, thereby having its impact on the reserves of world's natural resources.

Economic development and environmental degradation in China affect the inhabitants of other countries as well. Joint international efforts are required to solve transboundary and global environmental problems. Nowadays, China is a party to major international agreements in the field of environment and development, is an active participant in international conferences, and also China collaborates on

issues of environment and development with many countries of the world. China currently ranks first in terms of carbon dioxide emissions. In conditions of intensive industrial development, the country in recent decades is experiencing significant environmental consequences of man-made activities. China's desire to implement its economic and political goals is in contradiction with the environmental conditions of life of the population. Over the past two decades, the economic boom in China has caused an increase in consumption and significantly worsened the environmental quality of life. The country needs more and more natural resources, energy consumption is steadily growing. Nevertheless, China seeks and finances scientific developments in the field of new technologies that promote the implementation of the adopted environmental laws and initiatives.

Key words: China, globalization, ecology, environment, climate change, eco-policy, ecosystem, sustainable development.

Исова А.¹, Милан А.²

¹кандидат исторических наук, доцент, e-mail: tanirbergenlaura@gmail.com

²магистр по специальности «Международные отношения», e-mail: 1357767023@qq.com
кафедра международных отношений и мировой экономики факультета международных отношений,
Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

Внутренние и глобальные проблемы в экологической политике Китая

Проблема изменения климата в последние несколько лет стала одной из самых популярных и в национальных дискурсах Китая.

В выступлениях и документах по всему миру климатические изменения, связываемые с выбросами парниковых газов, все чаще ассоциируются с экономическим развитием Китайской Народной Республики. КНР является крупным импортером энергоносителей, оказывая тем самым влияние на мировые запасы природных ресурсов.

Экономическое развитие и деградация окружающей среды в Китае сказываются и на жителях других стран. Для решения трансграничных и глобальных экологических проблем требуются совместные международные усилия. На сегодняшний день Китай является участником основных международных соглашений в области окружающей среды и развития, активным участником международных конференций, а также сотрудничает по вопросам окружающей среды и развития со многими государствами мира. Китай в настоящий момент занимает первое место по объемам выбросов углекислого газа. В условиях интенсивного индустриального развития страна в последние десятилетия испытывает значительные экологические последствия техногенной деятельности. Стремление Китая к реализации своих экономических и политических целей входит в противоречие с экологическими условиями жизни населения. За последние два десятилетия экономической бум в Китае вызвал рост потребления и значительно ухудшил экологическое качество жизни. Стране требуется все больше и больше природных ресурсов, неуклонно растет энергопотребление. Тем не менее, Китай стремится и финансирует научные разработки в области новых технологий, способствующих реализации принятых экологических законов и инициатив.

Ключевые слова: Китай, глобализация, экология, окружающая среда, изменения климата, экополитика, экосистема, устойчивое развитие.

Кіріспе

Жаһандық экологиялық қауіпсіздік мәселелері күн өткен сайын жаңаша мазмұндана, әлемдік қауымдастықтың назарын кезек күттірмейтін тұжырымдарымен қарата түсуде. Таяу күндері жария еткен атақты «Рим клубының» мерейтойлық баяндамасында, «Ескі әлем күйреді. Жаңа әлем алыс емес» делінген тұжырымдамасымен қазіргі өркениеттің даму парадигмасының түбегейлі ауысуының алыс еместігі туралы айтылады. Капитализмді, қаржылық алып-сатарлықты, материализмнен бас тартуды, әлемді қысқа түсінуді қатаң сынға ала отырып, баяндамашылар балама экономика,

«Жаңа ағартушылыққа» негізделген рухани-жағымды дүниетаным, тұтас ғаламшарлық өркениет, «тұрақты дамудың» іскерлік мазмұнын насихаттайтын жаңа экологиялық қауіпсіздікке қол жеткізуге бағытталған болашақ дамуының жаңа күн тәртібі аталмыш баяндаманың өзектілігін сипаттаған. Әсіресе, адамдардың қазір өмір сүріп отырған адамзат белсенділігінің ерекше жоғары дәрежесінің дәуірі – Антропоцен, яғни геологиялық дәуіріндегі басқа да тіршілік иелеріне қарағандағы 97 пайызды көрсеткен үлесті «омыртқалағыштардың» иелену дәуірінің экожүйедегі негізгі дабылына айналуы ерекше назарға ілігеді (**Weizsaecker, 2018**). Экономикалық өркендеуге қауіп төндіретін

планетадағы энергетикалық және шикізат көздерінің таусылуға жақын екендігі, XX ғасырдың 90-жылдары адамзат өркениеттің өзіне қауіп төндіруі мүмкін шынайы экологиялық қатерді үдете түсті. Жағдайдың қауіптілігі соншалық экологиялық мәселелердің талқылануы ғылыми дискуссиялар мен ресми емес қозғалыстардың ауқымынан шығып, үкімет, халықаралық ұйымдар, ірі корпорациялар мен қаржылық құрылымдар тартылған халықаралық саяси үдерістің маңызды бөлігіне айналады. Осындай әлемдік саяси үдерістер ауқымына негіздей отыра, Қытайдың экологиялық саясатын сараптау, ішкі және жаһандық мәселелерді шешудің келешегін анықтау да, жетекші мемлекеттің даму үрдісімен де тікелей астасарын көруге болады.

Дүние жүзілік дамудың бірқатар салаларында әлемдік біріншілікке үміткер Қытай таяу уақыттарда экологиялық ірі держава ретінде әлемдік экосаясаттың да сахнасындағы негізгі ойыншылардың біріне айналуы күтілуде (Рогожина, 2009: 83). Үш онжылдық ауқымында жүргізіліп келе жатқан жоспарлы, мақсатты реформа жағдайындағы феноменальды экономикалық өсім және «ерекше» ұстанымдағы Қытай туралы назарға алынған пікірталасты тәжірибелі сыртқы саяси болжаулар қарқынын бағыттап отырғаны белгілі. Осы орайда, әлемдік дамудың негізгі үлес салмағының барлық көрсеткіштерінде орны бар, «алып» Қытай елінің ғаламшар дамуының ары қарайғы тұрақты даму үдерісінде нақты жауапкершілігі де айқын көрініп тұр. Әлемдік дамудағы ортақ жауапкершілікке Қытайды тарту немесе міндеттеудің аса күрделі мәселеге айналғаны тағы бар. Келесі онжылдықтарда әлемдік экономикалық өсімнің 50 пайызы Азиаттық-тынықмұхиттық аймақ елдерінің үлесіне түсетіні болжануда. ҚХР экономикалық супердержавалар қатарынан көріне бастауы қазіргі өмір сүріп отырған әлемдік экономикалық тәртіптің ары қарай өмір сүруі туралы мәселені күрделендіруі де мүмкін. Қытай қашанда Батыстың құрылымды-экономикалық көшбасшылығынан зардап шегіп келе жатқан ел. Қытай наразылығына сай батыс сарапшылары әлемдік қатынас жүйесіне Қытайдың «бейбіт ену» мәселесін үздіксіз талқылауда. Сондай-ақ Қытай сарапшылары да «даго» (ұлы держава) статусына ие болған Қытай өзін қалай ұстауы керек? «Фуцзэго» (жауапты мемлекет) болу қажет пе, болған жағдайда бұл Қытай үшін қандай маңызды? Осы контекстегі жауапкершіліктің батыстық және қытайлық түсінігін үндестіру мүмкіндіктерін талдауда (Исова, 2013:70).

Жаһандану үдерісінің қоршаған ортаға ғана емес, экологиялық саясатқа да тигізер әсері маңызды. Халықаралық сауда баға саясатын құрастыру кезеңінде экологиялық шығындарды ескермесе, қоршаған ортаға зиян әкелері сөзсіз. Мемлекет шетел капиталын тартуда экологиялық стандарттарды төмендететін амалдарға да баратыны бар. Мұндай жағдайда экологиялық ақуалға қатысты немқұрайлылық бәсекелестікке мүмкіндіктер жасайды. Осындай факторлар жиі орын алатын Қытай секілді экологияны басқару механизмі әлсіз елдерде экономиканың либералдануы қоршаған орта ақуалының нашарлауына алып келері сөзсіз. (Mol, 2006).

Қытай жақын арада экономикалық өсу мен қоршаған ортаны қорғау қажеттіліктері арасындағы қайшылықты шешетін қазіргі заманғы технологияларды жеткілікті мөлшерде енгізуі мүмкіндігінің әлсіздігін сезінеді. Халықаралық қатынастардың негізгі детерминанттарының бірі, қоршаған орта, «тұрақты даму» және энергоэкология мәселелеріне мемлекеттердің аймақтық үдерістер аясындағы шаралар ауқымында жауапкершілік танытуы да аса маңызды. БҰҰ («Әлемдік экономикалық жағдай және 2011 жылдағы мүмкіншілік» баяндамасы) мәлімдеуінше Қытай, Үндістан және Латын Америкасы елдерінде, әлемдік экономиканың өсуіне ықпал жасайтын жоғарғы даму қарқыны сақталуда. Оған қоса, дамыған елдер экономикасының баяу жандануы, әлемдік экономиканың өсуіне жағымсыз әсерін тигізіп жатыр (Перелет, 1997:155).

Жылдар бойы қалыптасқан әлемнің күрделі мәселелерін ұғынған адамзат, аталған мәселелерді еңсеруге бағытталған тұрақты даму тұжырымдамасын алға тартты. 1987 жылы қоршаған орта мен даму жөніндегі Халықаралық комиссия немесе Брунтланд Комиссиясы деген атаумен танымал бұл комиссия «Біздің ортақ болашағымыз» атты баяндамасын жариялады. (Oxford University Press. 1987: 199). Бұл баяндама тұрақты даму тұжырымдамасын жасаудың көпшілікпен мақұлданған теориялық негізі болды. Бүгінгі күнге дейін экологиялық тұрақты даму анықтамасының түрлі тұжырымдамалары айтылып келеді, ал тұрақты даму тұжырымдамасының өзі қалыптасу кезеңінде болып отыр. Брунтланд Комиссиясының баяндамасына сәйкес, «Тұрақты даму бұл қазіргі буынның қажеттіліктерін қанағаттандыратын және болашақ ұрпақтардың өз қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндіктеріне қауіп төндірмейтін даму». Аталмыш баяндамаға сай үн қатудағы

Қытай елі жігерінің де жандануы да жаһандық ауқымдағы көшбасшы болуға талпынысқа бой түзеуге тиісті мемлекет үшін аса жауапкершілік болуы тиісті. Бүгінгі таңда, табысы орта деңгейден төмен мемлекеттер қатарына Қытай және Үндістан секілді алыптар жатады және осыған қоса, әлемнің екі алып ішкі тұрақсыз топтарға бөліну және бөліктер арасында әлеуетті қақтығыстардың орын алу қаупі пайда болды.

Жалпы, Қытайдың қазіргі кездегі Орталық Азия, әсіресе Қазақстанның энергетикалық нарығындағы инвестициялық белсендігі мен оны жүзеге асырудағы аймақтық экологиялық тәртіпке сай қызмет етуі төңірегіндегі мәселелерде дара бағытта қарауды қажет етеді. Аталмыш нарық талабына сай, Қазақстан территориясында бизнес жүргізуде Қытай біршама озық тәжірибе көрсетуге талпыныс танытуда. 2017 жылы Астана қаласында өткен ЭСКПО – халықаралық көрмесіндегі өзегі «Болашақ энергиясы, жасыл Жібек жолы» болған 1000 шаршы метрге жайғасқан Қытай павильоны энергетикалық шешімдердің футуристикалық үлгілерінің нұсқауларын көруге жағдай жасаған еді. Көрші елдің сыртқы экологиялық мәселелердегі күш-жігерінің қайратталуы аса назар аударарлық.

Теориялық-әдіснамалық негізі

Халықаралық факторға қатысты белгілі бір мемлекеттің ішкі және сыртқы саяси ұстанымдарын тұтас қарастыру, оған дара сипаттама беруде күрделі терең сараптамалық әдістерге жүгінумен жүзеге асатынына көз жеткізуге болады. Осы орайда, Қытайдың экологиялық саясатындағы ішкі және жаһандық мәселелерді шешудің келешегін анықтауда, мәселенің теориялық-әдіснамалық негізіне сәйкессіздік құбылыстар мен жағдайдың қайталанбауы негізінде ғылыми маңызды қорытындылар жасауға мүмкіндіктер беретін салыстыру әдісі қолданылды. Бұл әдістің басты жетістігі, локальды және жаһандық экологиялық мәселелерді ортақ, халықаралық қатынас саласын құрастырушы ережелерге бағдарлауда маңызды болды. Жария ақпараттарды өңдеуге бағытталған ивент-анализ немесе оқиғалық мәліметтерді талдау әдісін қолдану, Қытайдың қазіргі әлемдік экологиялық ынтымақтастық құрылымындағы ұстанымын анықтауда және мемлекеттің ішкі экологиялық жағдайын сараптауда тиімді болды.

Нәтижелер

Интенсивті индустриалды даму жағдайында Қытай соңғы онжылдықтарда техногендік қызметтің маңызды экологиялық салдарларын бастан кешуде. Қытайдың барлық салалардың, көліктің және ауыл шаруашылығының табиғи кешендерінің және геожүйелерінің қауіпті әсерін шектеу туралы көптеген халықаралық экологиялық шарттар мен келісімдерге қол қоюдан бас тартуы елді халықаралық оқшаулау жағдайына алып келеді. БҰҰ-ның Климаттың өзгеруі туралы конвенциясы бойынша атмосфералық шығарындыларға шектеу белгілейтін Киото келісімшартына қол қоюдан бас тартуын, Қытай аталмыш келісімнің ұлттық экономиканың дамуын бәсеңдететінін мәлімдеуімен түсіндіреді. Сондай-ақ қытайлық делегация кедейшілікпен күрес және экономикалық даму ішкі қытай саясатының негізгі басымдықтары болып табылатынын мәлімдеді, сондықтан ҚХР үкіметі парниктік газдар шығарындыларын шектеу туралы шешімді кейінге қалдыруға мәжбүр болды.

Экосясат – экологиялық жағдайды басқару және елдегі табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету үшін қабылданатын саяси, экономикалық, құқықтық, білім беру және басқа да шаралар жүйесі. Қытайдың экологиялық саясаты Қытайдың жалпы саясатының маңызды бөлігі болып табылады. Соңғы жылдары Қытайда ауыл шаруашылығын, индустриалды және энергетикалық дамуды ынталандыратын экономикалық және технологиялық реформалар ел экожүйелерінің таралуына кедергі келтірді. Қытайдың экономикалық және саяси мақсаттарын жүзеге асыру ниеті халықтың экологиялық жағдайына қайшы келеді. Қытай аумағының көлеміне және экономикасының дәстүрлі құрылымына байланысты, жақын арада Қытайдың «таза қалдықсыз өнеркәсіптің» экономикасына көшу мүмкіндігі төмен. Қазіргі уақытта ел экономикасының негізі ауыр өнеркәсіп, химия, көмір және тау-кен өнеркәсібі салалары болып табылады, олар үлкен көлемде энергияны тұтынып, көптеген зиянды және өңделмейтін қалдықтар береді. Аумағы үлкен елдің шикізатына деген абсолютті салмаққа түсуі, шаруашылық қызметке де ықпалды. Тұрғындар сұранысы Қытай экономикасының өнімге деген аса тәуелденетін шегі мен технологиялық тиімділіктің жетістігіне үлгіленген тұста, тұтынушылармен де тікелей байланысты экология-

лық сананың да негізді болуын дүниеге әкелді (Хань Сюй, 2010: 85-89).

Соңғы екі онжылдықта Қытайдағы экономикалық өрлеу тұтынууды арттырып, қоршаған ортаның сапасын айтарлықтай нашарлатты. Елде барған сайын көп табиғи ресурстар қажет, энергия тұтыну тұрақты түрде өсіп келеді. Соған қарамастан, Қытай қабылдаған экологиялық заңдар мен бастамаларды іске асыруға ықпал ететін жаңа технологиялар саласында ғылыми жаңалықтарды іздейді және қаржыландырады. Қытайдың экологиясы өзінің қазіргі жағдайында көрші елдерге теріс әсер етуі мүмкін, ауаның ластануының 25 пайызы трансшекаралық сипатқа ие. Қытай күкірт диоксидінің атмосфераға шығарылу бойынша жетекші ел, бұл өзендердің, теңіздердің, жер асты суларының ластануына, шөлдену және қолайсыз ортада туындаған аурулардың өсуіне ықпал етеді.

Қытай әлемдегі территориясы жағынан үшінші орын және халық саны жағынан бірінші орын алатындықтан, экологиялық мәселелерді шешу барлық елдерге қатысты екенін атап өткен жөн. Климаттың өзгеруі тұрғысынан алғанда, Қытай жақында таулы аймақтардағы мұздықтар аймағының азаюы, теңіз деңгейінің көтерілуі және климаттың жаһандық өзгеруімен байланысты басқа да мәселелерге тап болды.

Қоршаған ортаны қорғау саласында құқық қорғау жүйесі Қытайдың экологиялық заңнамасы жақында құрылған. Экологиялық заңдардың қабылдануы жиі провинциялық биліктің жауапкершілігі болып табылады, сондықтан да Қытай соттары заң шығару мен құқық қорғау процестеріне әсер етуге іс жүзінде ешқандай мүмкін емес. Нәтижесінде Қытайдың орталық билігіне экологиялық мәселелерді ластануды бақылау арқылы шешуге болмайтынын мойындауға тура келді. Қытайдағы экологиялық бағдарламалар қоршаған ортаны қорғауға арналған институттар арасында өкілеттіктердің жоқтығы мен үйлестірудің болмауынан зардап шегетіні айқындалды. Ендігі жерде, жаһандық саяси үдерістерге атсалысу бағытында саясат түзу үшін Қытай мүмкіндіктерінің экологиялық саясаттағы ғаламшар келешегіне де ортақ жауапкершілік түзу қажеттілігіне байланысты болуды көздейді.

Пікірсапар

Халықаралық экологиялық ынтымақтастық аясындағы Қытайдың қол қойып, ратифика-

циялаған хаттамалары қатарына, 2000 жылғы биологиялық түрлер жөніндегі биоқауіпсіздік Конвенцияның Картахен хаттамасымен (Картахенский...), 2001 жылғы тұрақты органикалық зиянкестер жөніндегі Стокгольм хаттамасын (Стокгольмская...) жатқызуға болады. Аталмыш хаттамалардағы Қытай қабылдаған міндеттер, осы келісімдер аясында ішкі экологиялық саясатқа ықпал ететін ұзақ мерзімді маңыздылыққа ие болды. Сонымен қатар, бұл халықаралық келісімдердің мақсаты ірі дамушы елдердің қатысуынсыз жүзеге аспайтыны белгілі еді. Тағы бір, халықаралық Монреальда қабылданған озон қабатын бұзатын заттар жөніндегі хаттаманың (Монреальский...), ХХ ғасырдың соңындағы фреон өндіруші әлемдік көшбасшы Қытайдың қатысуымен хаттамалануы да оның тиімділігін арттырған болатын. Климаттың өзгеруі жөніндегі мәселелердің қазіргі жаһандық экосаяси дискурсын жүргізуде негіз болатын аталмыш хаттамаларға қатысу, Қытайдың жаһандық экологиялық саясаттағы жауапкершілігіне тірек нүкте.

Бай Солтүстік және кедей Оңтүстік арасындағы технологиялық тиімділігі аз, экологиялық қауіпті өнімдерге мамандандырылған сауда саясаты, дамушы елдердегі қоршаған орта ақуалына құрылымдық және ауқымды ықпал етуімен сипат алууда. Сонымен қатар, дамушы елдердегі экономиканың либералдануы барысында «зиянкестердің бас сауғалау орны» (pollution haven) пайда болатыны туралы да пікірлер бар (Copeland, Taylor, 1994: 755–787). Бұл гипотеза қытайлық ғылыми пікірсапарта жиі қолданыс тауып, экологиялық қауіпті өндірістің дамушы елдердегі көші-қонға ықпал ететіндігін негіздейді (Фу Цзинянь 2009: 13–18). Қытай ғалымдары экспортты бағдардағы өндіріс қалдықтары пластикалық өнімдер, көліктер мен жабдықтар, сонымен бірге өнеркәсіп химикаттардың қоршаған ортаны ластануын, «зиянкестердің бас сауғалау орны» гипотезасына жақындата қытай-америкалық сауда қатынастары барысын сипаттауда да айтады (Фу Цзинянь, Чжан Шаньшань, 2011: 11–17).

Ғылыми кеңістікте қоршаған орта ақуалы және шетел капиталы мәселесінің бірлігі болмаған. Көптеген зерттеушілер трансұлттық корпорациялар тұрпатындағы тікелей шетел инвестициясына экологиялық бақылау керектігін мақұлдайды (Дин Хуаньфэн, Ли Пэйи, 2010: 117–122).

Экологиялық мәселелердің тағы бір трансұлттық маңызды аспектісі қалдықтардың

халықаралық саудасы, яғни дамушы елдерге қалдықтарды экспорттау утилизацияның ең тиімді түріне айналған. Қытайға қайта өңдеу мақсатында, негізінде қағаздар мен пластикалардан тұратын еуропалық қоқыстар көптеп әкелінеді. Қолданыстағы оларды өңдеу технологиясы, елге ауа мен судың ластануымен қатар, аз төлемақы мен жұмысшылардың науқастануы қауіпін жоғарылататын себептері көп экологиялық және әлеуметтік салдар әкелетін ауыртпалықтар тудыруда (Жэньминь жибао. ...).

Алайда, дамыған елдердің технологиялық және қаржылық қатысуынсыз, сонымен қатар жаһандық реттеулерде экономикалық құралдардың еркін қолданысынсыз жеткістікке қол жеткізу қиындығы тағы бар (Ван Лидун, Дун Яжун, 2010: 56–58; Saluja, 2008: 950–956).

Қытай ғалымдарының және қоғамының климаттың өзгерісімен күрес құралы ретінде ұсынысы ауқымы зор ормандар отырғызу жөніндегі ұсыныстары әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешу амалдары ретінде қолдау табуда (Кэ Шуйфа, 2010: 6–12).

Қытай экологиялық саясатының тағы бір сипатты тұсы көмірқышқыл газы түсімін азайту бағытындағы міндеттер кеңінен көтеріледі. ІЖӨ тұрғындардың жан басына шаққандағы ары қарайғы ұлғаю жағдайы және көмір энергетикасына артықшылық, «жасыл дамуға», «айналмалы экономикаға», экологиялық таза өндіріс және тұтынуға біртіндеп өту қажеттілігі мүмкіндіктері де жиі айтылады (Пин Чжицзюнь, Чжоу Жун, 2010: 1–7). Көмірқышқыл газдарының түсімі көлемінің тұтыну үлгілеріне қарайғы дәрежелуімен де күрес өзектілігі де саралануда (Ян Сюаньмэй... 2010: 35–40).

Қытай ғылыми және қоғамдық-саяси пікір-сарабында өз кезегінде, «үшінші өркениет» тұжырымы да біршама кең тараған. Оны айтушылардың пікірінше, Қытай бірінші – ауылшаруашылық өркениетінің маңызды бөлігін құрады, алайда екінші – индустриалды өркениетте маңызды рөл атқару мүмкіндігін жіберіп алған. Қазір Қытай – ауқымды тұрғындар, шикізат жетіспеушілігі, ластанудың жоғары дәрежесі секілді қиыншылықтарға қарамастан, гармониялық қоғам құру мен тұрақты дамуға өтуге негізделген, үшінші экологиялық өркениет құрудың тарихи мүмкіндігінен айырылып қалмау керек (Сун Юйцин, Е Вэньху, 2009: 119–124).

Экологиялық өркениет одан басқалары жаңа қайта өрлеген қытай өркениетін күткен тұста, оған дара тәртіп пен өзара тәуелділікке

мойынсұнуға негізделген қандай да бір идеалды түрдегі социалистік қоғам ретінде бірқатар авторлар көзқарасында қалыптасқан (Жуй Цюн, Син Хуафэн, 2009: 43–46). «Жоғалған құндылықтарға» қайта оралмай (Ци Е, Цай Цинь, 2008: 1–6), ары қарайғы ілгерілеулерге талпыныс оның болашақта ғылыммен негізделуіне ерекшелік береді. Дәстүрлі мәдениетке үн қату арқылы (Ли Чуньян, 2008: 29–31) қоршаған ортаға деген құрметті қоғамдық көзқарас қалыптастыру дәстүрі де, Қытай қоғамының жаһандық экологиялық тәртіпке қосылар үлес болып табылады.

Қорытынды

Қытайдың қоршаған орта мен экологиялық саясатына жаһандандудың экономикалық, саяси және мәдени үдерістері өткір ықпал етуде. Бұл елдегі халықаралық сауда қоршаған ортаға жағымсыз әсер ететін өнім шығарудың көлемін шексіз ұлғайтуға әкеліп соқтыруда. Сонымен қатар, елдің экологиялық ақуалына дамыған елдерден келетін қалдықтар импортының зардабы тағы бар. Сонымен қатар, экологиялық таза өндіріс және «жасыл өнеркәсіп» бағытына тікелей шетел инвестициясының «көш алуы» қазіргі уақытта қоршаған ортаға жағымды әсер тудырып жатқаны тағы бар. Қытайдың «Экологиялық протекционизм» халықаралық ұйымдар тарапынан қысым, дамыған елдердің тұтыну үлгілері, Қытай үкіметін экологиялық заңнамаларды қатаңдатып, экспортқа бағытталған өндірістерге талаптарды қатайту және жаңа технологияларды жетілдіруді қолдау шараларын жүргізуге мәжбүрлеп отыр. Дамыған елдер мен халықаралық ұйымдар тарапынан келетін экологиялық жобаларға салынатын мақсатты шетел инвестициясы, өз кезегінде экологиялық реттеулер мүмкіндігін арттыруда. Саяси және мәдени жаһандану барысында тұрғындардың да экологиялық мәселелерге қарым-қатынасы өзгерген. Халықтың экологиялық сауаттылығы да қытайлық қоғамның басты мәселелеріне айналды. Қытайда самарқау мөлшерде болса да халықаралық экологиялық үкіметтік емес ұйымдардың да қатысуы дәстүр ала бастады. Қытайдың көрші елдердің де қоршаған ортасына тигізіп отырған әсері аймақтық экологиялық мәселелер төңірегінде жаңаша пікір қалыптастыруда. Жаһандық өлшемдегі Қытайдың, жер шарындағы парникті газдың (тастауды қысқартудың халықаралық міндеткерлігінің болмауы жағдайында) ірі эмитенттерінің

үштігіне кіруі оның әлемдік экосаясаттағы рөлінің қайта қаралуын сөзсіз талап етеді.

Қытайдың шетелдердегі (Қазақстандағы да) табиғи-шикізат ресурстарының ауқымды көлемін игеріп отыруы мен оны импорттауы да, оның төңірегіндегі энергоэкологиялық мәселелердің де орын алуы, Қытай тарапынан экспорттер-елдер арасында да, жалпы әлемде де қоршаған орта мәселесінің ауқымын ұлғайтуда.

Сонымен қатар, Қытайдың дамушы елдерге ықпал ету факторы және бар. Жалпы, климаттың жаһандық өзгерісінің тиімді механизмін құру үшін және шын мәніндегі кез келген жаһандық экологиялық мәселе, қазіргі халықаралық қатынастардың экологиялық ынтымақтастығын ары қарайда нығайтуда Қытайдың тікелей қатысуын аса міндеттейтін кезеңге келгенін мойындау орынды жағдайға айналғаны сөзсіз.

Әдебиеттер

1. Weizsaecker, E., Wijkman, A. Come On! Capitalism, Short-termism, Population and the Destruction of the Planet. – Springer, 2018. – 220 p. <https://www.planet-kob.ru/articles/6832>
2. Рогожина Н. Г. (2009) Новые тенденции в экологической политике развивающихся стран // *Мировая экономика и международные отношения*. – № 4.
3. Исова Л.Т. (2013) Жаһандық көшбасшылықтағы Қытай мүмкіндіктері мен ұстанымдары // «XXI ғасырдағы шығыстану ғылымы: мәселелері мен болашағы» халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы. 1 қараша 2013 ж. Астана Гумилев атындағы ЕҰУ. 69-76 бб.
4. Mol A. P. J., Carter N. T. China's Environmental Governance in Transition // *Environmental Politics*. 2006. Vol. 15. No. 2.
5. Перелет Р.А., Маркандиа А. Выявление показателей устойчивого развития. // *Управление природопользованием для устойчивого развития* / ред. Г.А. Фоменко. – Ярославль, 1997. – 290 с. – С. 154-159
6. World Commission on Environment and Development. Our Common Future (The Brundtland Report). Oxford: Oxford University Press. 1987. P. 234.
7. Киотский протокол к Рамочной конвенции Организации Объединенных Наций об изменении климата (Электронный ресурс) : United Nations Framework Convention on Climate Change. URL: <http://unfccc.int/resource/docs/convkp/kprus.pdf> (дата обращения: 05.05.2011).
8. 韩旭. 中国环境污染与经济增长的实证研究//《中国人口资源与环境》2010年第4期:85–89页。(Хань Сюй. Қытайдағы қоршаған ортаның ластануы және экономикалық өрлеу: эмпирикалық зерттеу // Қытай: тұрғындар, шикізат, қоршаған орта. 2010. № 4. 85–89 бб).
9. Картаженский протокол по биобезопасности к Конвенции о биологическом разнообразии [Электронный ресурс] : Организация Объединенных Наций. URL: http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/pdf/cartagena.pdf (дата обращения: 05.11.2010).
10. Стокгольмская конвенция о стойких органических загрязнителях [Электронный ресурс] : International POPs Elimination Network. URL: http://www.ipen.org/ipenweb/documents/un%20documents/convtext_ru.pdf (дата обращения: 05.11.2010).
11. Монреальский протокол по веществам, разрушающим озоновый слой [Электронный ресурс]: Организация Объединенных Наций. URL: http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/pdf/montreal.pdf (дата обращения: 05.11.2010).
12. Copeland B.R., Taylor M.S. North-South Trade and the Environment // *The Quarterly Journal of Economics*. 1994. Vol. 109. No. 3. pp. 755–787.
13. 傅京燕. 国际贸易中«污染避难所效应»的实证研究述评//《中国人口资源与环境》2009年第4期:13–18页。(Фу Цзинянь. Халықаралық сауда және «зиянкестердің бас сауғалау орны» әсері: эмпирикалық зерттеу шолуы // Қытай: тұрғындар, шикізат, қоршаған орта. 2009. № 4. 13–18 бб).
14. 傅京燕, 张珊珊. 中美贸易与污染避难所假说的实证研究—基于内含污染的视角//《中国人口资源与环境》2011年第2期:11–17页。(Фу Цзинянь, Чжан Шаньшань. Қытай-американдық сауда және «зиянкестердің бас сауғалау орны» гипотезасы тұрғысынан // Қытай: тұрғындар, шикізат, қоршаған орта. 2011. № 2. 11–17 бб).
15. 丁焕峰, 李佩仪. 中国区域污染影响因素:基于EKC曲线的面板数据分析//《中国人口资源与环境》2010年第10期:117–122页。(Дин Хуаньфэн, Ли Пэйи. Аумақтық ластану: көпвекторлы қатар мәліметтерін сараптау // Қытай: тұрғындар, шикізат, қоршаған орта. 2010. №10. 117–122 бб).
16. 我国核辐射信息将不定期发布//人民日报 (Біздің ел радиацияның дәрежесі ақпаратының мерзімді басылымы (Электронды ресурс): Жэньминь жибао. URL: <http://env.people.com.cn/GB/14540832.html> (Мәлімделген күн: 05.05.2011).
17. 王立栋, 董亚荣. 日常生活中«低碳生活»的几点思考//《中国环境管理干部学院学报》2010年第6期:56–58页。(Ван Лидун, Дун Яжун. Күнделікті «төменкөмірқышқылды өмір» жөніндегі талдау // Экологиялық басқару жөніндегі Қытай институты. 2010. № 6. 56–58 бб).
18. 柯水发, 潘晨光, 温亚利, 潘家华, 郑艳. 应对气候变化的林业行动及其对就业的影响//《中国人口资源与环境》2010年第6期:6–12页。(Кэ Шуйфа, Пань Чэньгуан, Вэнь Яли, Пань Цзяхуа, Чжэн Янь. Климаттың өзгерісі мен оның тұрғындар өміріне әсеріне қарсы күрес құралы ретіндегі орман шаруашылығы // Қытай: тұрғындар, шикізат, қоршаған орта. 2010. № 6. 6–12 бб).

- 19 冯之浚、周荣。低碳经济:中国实现绿色发展的根本途径//《中国人口资源与环境》2010年第4期:1-7页。(Пин Чжицзюнь, Чжоу Жун. Төменкөмірқышқылды экономика: Қытайға «жасыл экономикаға» өту қажет // Қытай: тұрғындар, шикізат, қоршаған орта. 2010. № 4. № 1-7 бб).
- 20 杨选梅、葛幼松、曾红鹰。基于个体消费行为的家庭碳排放研究//《中国人口资源与环境》2010年第5期:35-40页。(Ян Сюаньмэй, Гэ Юсун, Цзэн Хунин. Көмірқышқыл газын тұтыну ережесі негізіндегі оның кейбір отбасылардағы қолданылуы // Қытай: тұрғындар, шикізат, қоршаған орта. 2010. № 5. С. 35-40).
- 21 宋豫秦、叶文虎。第三次文明//《中国人口资源与环境》2009年第4期:119-124页。(Сун Юйцинь, Е Вэньху. Үшінші өркениет // Қытай: тұрғындар, шикізат, қоршаған орта. 2009. № 4. 119-124 бб).
- 22 芮琼、邢化峰。生态文明:社会主义和谐社会的主要基础//《中国环境管理干部学院学报》2009年第3期:43-46页。(Жуй Цюнь, Син Хуафэн. Экологиялық өркениет: гармониялық социалистік қоғам негізі // Экологиялық басқару жөніндегі Қытай институты. 20.10.2009. № 3. С. 43-46).
- 23 齐晔、蔡琴。中华文明的生态复兴:兼论生态文明思想的科学基础//《中国人口资源与环境》2008年第6期:1-6页。(Ци Е, Цай Цинь. Қытай өркениетінің экологиялық қайта өрлеуі, экологиялық өркениеттің ғылыми негіздері // Қытай: тұрғындар, шикізат, қоршаған орта. 2008. № 6. 1-6 бб).
- 24 李春阳、毕会娜、鲍禹。如何树立生态文明新理念//《中国环境管理干部学院学报》2008年第1期:29-31页。(Ли Чуньян, Би Хойно, Бао Юй. Жаңа экологиялық өркениет тұжырымдамасын құру жөнінде // Экологиялық басқару жөніндегі Қытай институты. 20.10.2008. № 1. 29-31 бб).

References

- 1 Copeland B.R., Taylor M.S. North-South Trade and the Environment // The Quarterly Journal of Economics. 1994. Vol. 109. No. 3. pp. 755-787.
- 2 Ctokgol'mskaja konvencija o stojkih organicheskikh zagraznitel'jah [Elektronnyj resurs] : International POPs Elimination Network. URL: http://www.ipen.org/ipenweb/documents/un%20documents/convtext_ru.pdf (data obrashhenija: 05.11.2010).
- 3 I'sova L.T. (2013) Jahandyq ko's'bass'ylyqtag'y Qytai' mu'mkindikteri men ustanymdary. //«HHI g'asyrdag'y y'gyystany' g'ylymy: ma'seleleri men bolas'ag'y'y' halyqaralyq g'ylymi'-prakti'kalyq konferentsi'i'a ji'nag'y 1 qaras'a 2013 j. Astana Gy'mi'lev atyndag'y EUY'. 69-76 bb.
- 4 Kartahenskij protokol po biobezopasnosti k Konvencii o biologicheskom raznoobrazii [Elektronnyj resurs]: Organizacija Ob'edinennyh Nacij. URL: http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/pdf/cartagena.pdf (data obrashhenija: 05.11.2010).
- 5 Kiotskij protokol k Ramochnoj konvencii Organizacii Ob'edinennyh Nacij ob izmenenii klimata (JElektronnyj resurs): United Nations Framework Convention on Climate Change. URL: <http://unfccc.int/resource/docs/convkp/kprus.pdf> (data obrashhenija: 05.05.2011).
- 6 Mol A. P. J., Carter N. T. China's Environmental Governance in Transition // Environmental Politics. 2006. Vol. 15. No. 2.
- 7 Monreal'skij protokol po veshhestvam, razrushajushhim ozonovyj sloj [Elektronnyj resurs]: Organizacija Ob'edinennyh Nacij. URL: http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/pdf/montreal.pdf (data obrashhenija: 05.11.2010).
- 8 Perelet R.A., Markandia A. Vyjavlenie pokazatelej ustojchivogo razvitija. /Upravlenie prirodopol'zovaniem dlja ustojchivogo razvitija. Red.Fomenko G.A. JAroslavl'. 1997. 290 S. 154-159
- 9 Rogozhina N. G. (2009) Novye tendencii v jekologicheskoj politike razvivajushhihsja stran // Mirovaja jekonomika i mezhdunarodnye otnoshenija. № 4.
- 10 Weizsaecker, E., Wijkman, A. Come On! Capitalism, Short-termism, Population and the Destruction of the Planet. – Springer, 2018. – 220 p. <https://www.planet-kob.ru/articles/6832>
- 11 World Commission on Environment and Development. Our Common Future (The Brundtland Report). Oxford: Oxford Univeristy Press. 1987. 234 P.,
- 12 丁焕峰、李佩仪。中国区域污染影响因素:基于EKC曲线的面板数据分析//《中国人口资源与环境》2010年第10期:117-122页。(Di'n Hy'anfen, Li' Pei'i'. Ay'maqtyq lastany':ko'pvektorly qatar ma'limetterin saraptay' // Qytai': turg'yndar, s'i'kizat, qors'ag'an orta. 2010. № 10. 117-122 bb).
- 13 傅京燕、张珊珊。中美贸易与污染避难所假说的实证研究—基于内含污染的视角//《中国人口资源与环境》2011年第2期:11-17页。(Fy' Tsz'i'ni'an, C'jan S'ans'an. Qytai'-ameri'kandyq say'da ja'ne «zi'i'ankesterdin' bas say'g'alay' orny' gi'potezasy turg'ysynan //Qytai': turg'yndar, s'i'kizat, qors'ag'an orta 2011. № 2. 11-17 bb).
- 14 傅京燕。国际贸易中«污染避难所效应»的实证研究述评//《中国人口资源与环境》2009年第4期:13-18页。(Fy' Tsz'i'ni'an. Halyqaralyq say'da ja'ne «zi'i'ankesterdin' bas say'g'alay' orny'» a'seri: zagri'azni'telei'»: empi'ri'kalyq zerttey' s'oly'y // Qytai': turg'yndar, s'i'kizat, qors'ag'an orta. 2009. № 4. 13-18 bb).
- 15 冯之浚、周荣。低碳经济:中国实现绿色发展的根本途径//《中国人口资源与环境》2010年第4期:1-7页。(Pi'n C'ji'tsi'y'n, C'joy' Jy'n. To'menko'mirqys'qyldy ekonomika: Qytai'g'a «jasyl ekonomika'g'a» o'ty' qajet // Qytai': turg'yndar, s'i'kizat, qors'ag'an orta. 2010. № 4. 1-7 bb).
- 16 宋豫秦、叶文虎。第三次文明//《中国人口资源与环境》2009年第4期:119-124页。(Sy'n I'y'i'tsi'n, E Venhy'. U's'ins'i o'rkeni'et//Qytai': turg'yndar, s'i'kizat, qors'ag'an orta. 2009. № 4. 119-124 bb).
- 17 我国核辐射信息将不定期发布//人民日报(Bizdin' el radi'tsi'i'anyn' da'rejesi aqparatynyn' merzimdi basylymy (Elektronnyj resurs): Jenmi'n ji'bao. URL: <http://env.people.com.cn/GB/14540832.html> (ma'limdelgen ku'n: 05.05.2011).

18 李春阳、毕会娜、鲍禹。如何树立生态文明新理念//《中国环境管理干部学院学报》2008年第1期:29-31页。(Li C'y'ni'an, Bi Hoi'no, Bao I'y'i'. Jan'a ekologi'i'alyq o'rkeni'et tujrymdamasyn qury'jo'ninde // Ekologi'i'alyq basqary'jo'nindegi Qytai'i'nsti'ty'ty. 20.10.2008. № 1. 29-31 bb).

19 杨选梅、葛幼松、曾红鹰。基于个体消费行为的家庭碳排放研究//《中国人口资源与环境》2010年第5期:35-40页。(I'an Si'y'anmei', Ge I'y'sy'n, Tszen Hy'ni'n. Ko'mirqys'qyl gazyn tutyny' erejesi negizindegi onyn' kei'bir otbasyldag'y qoldanyly'y// Qytai': turg'yndar, s'i'kizat, qors'ag'an orta. 2010. № 5. 35-40 bb).

20 柯水发、潘晨光、温亚利、潘家华、郑艳。应对气候变化的林业行动及其对就业的影响//《中国人口资源与环境》2010年第6期:6-12页。(Ke S'y'i'fa, Pan C'engy'an, Ven I'ali', Pan Tszi'ahy'a, C'jen I'an. Kli'mattyn' o'zgerisi men onyn' turg'yndar o'mirine a'serine qarsy ku'res quraly retindegi orman s'ary'as'ylyg'y // Qytai': turg'yndar, s'i'kizat, qors'ag'an orta 2010. № 6. s. 6-12.)

21 王立栋、董亚荣。日常生活中«低碳生活»的几点思考//《中国环境管理干部学院学报》2010年第6期:56-58页。(Van Li'dy'n, Dy'n I'ajy'n. Ku'ndelikti «to'menko'mirqys'qyldy o'mir» jo'nindegi talday' // Ekologi'i'alyq basqary'jo'nindegi Qytai'i'nsti'ty'ty. 2010. № 6. 56-58 bb).

22 芮琼、邢化峰。生态文明:社会主义和谐社会的主要基础//《中国环境管理干部学院学报》2009年第3期:43-46页。(Jy'i' Tsi'y'n, Si'n Hy'afen. Ekologi'i'alyq o'rkeni'et: garmoni'i'alyq sotsi'ali'sti'ktik qog'am negizi // Ekologi'i'alyq basqary'jo'nindegi Qytai'i'nsti'ty'ty. 20.10.2009. № 3. 43-46 bb).

23 韩旭。中国环境污染与经济增长的实证研究//《中国人口资源与环境》2010年第4期:85-89页。(Han Si'y'i'. Qytai'dag'y qors'ag'an ortanyn' lastany'y ja'ne ekonomikalyq o'rley': empi'rikalyq zerttey' // Qytai': turg'yndar, s'i'kizat, qors'ag'an orta. 2010. № 4. 85-89 bb).

24 齐晔、蔡琴。中华文明的生态复兴:兼论生态文明思想的科学基础//《中国人口资源与环境》2008年第6期:1-6页。(Tsi'E, Tsai' Tsi'n. Qytai' o'rkeni'etinin' ekologi'i'alyq qai'ta o'rley'i, ekologi'i'alyq o'rkeni'ettin' g'ylymi' negizderi // Qytai': turg'yndar, s'i'kizat, qors'ag'an orta. 2008. № 6. 1-6 bb).